«ЖАҒЫМДЫ ЖАҢАЛЫҚ» ҚОҒАМДЫҚ ҚОРЫ

МАҢҒЫСТАУ ОБЛЫСЫ, АҚТАУ ҚАЛАСЫ

БИН : 201240004559 / **БАНК:** «FORTEBANK» АҚ МОФ

БИК: IRTYKZKA **/ СЧЕТ:** KZ4096511F0008082075

ДИРЕКТОР: ҚУАНЫШБАЙ Н.А. **/** 8 707 520 30 07

ЭЛ.МЕКЕН-ЖАЙ: *JAGYMDYJANALYQ2024@GMAIL.COM*

ШАҒЫМ

№ 16751567-1 байқау (№ 83769009-ГСЗ1 лот) қорытындысына

№ 17578221 қорытынды хаттамасымен біздің өтініміміз Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларының 212-тармағы 2-тармақшасының 2-абзацы негізінде қабылданбады. Бұл шешімді келесі негіздер бойынша заңсыз деп санаймыз:

1. Қатысушылардың теңдігі қағидатын бұзу («Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңның 4-бабы) Тапсырыс беруші «Мәселені сипаттау» бөлімі бар «GUMOL зерттеу орталығын» конкурсқа жіберген, бірақ «Жағымды жаңалық» ҚҚ-ның өтінімін дәл осындай бөлімнің болуына байланысты қабылдамады.
2. МӘТ бағалау критерийлеріне сәйкестік (Қағидалардың 460-тармағы) №1 критерийге сәйкес, жобада «Мәселені сипаттау (зерттеулер, статистика)» болуы тиіс. Біз Қағидаларға сәйкес келу үшін осы бөлімді қостық және облыс бойынша статистиканы келтірдік. Мұны «артық» деп атау МӘТ бағалау нормаларына қайшы келу дегенді білдіреді.
3. Бенефициарларды егжей-тегжейлі көрсету (6-бөлім) Техникалық ерекшелікте біз қатысушылардың санаттарын аудандарға (Бейнеу, Қарақия, Мұнайлы және т.б.) байланыстыра отырып жаздық. Бұл конкурсқа жіберілген қатысушылардың көрсеткіштерінен де тереңірек егжей-тегжейлі сипаттама болып табылады.

ҚОРЫТЫНДЫ:

1. «Жағымды жаңалық» ҚҚ өтінімін қабылдамауды заңсыз деп танып, бізді конкурсқа жіберуіңізді сұраймыз;
2. Әлеуметтік тапсырысқа жолданған құжаттарды, оған жалғанған қосымшаларды мұқият қарап қайтадан әділ бағалауды талап етеміз!
3. Кез келген әлеуметтік тапсырыс ең әуелі «өтінімнің сапасына» басымдық беріліп бағалануы тиіс. Ал тәжірибе шешуші фактор болып есептелмейді.

<u>Шағымды қанағаттандырудан бас тартылған жағдайда, сотқа жүгінетініміздi қаперіңізге береміз!</u>

«Жағымды жаңалық»

Қоғамдық қоры директоры

Қуанышбай Н.А: _____